

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ЖАҒДАЙЫНДА РЕПАТРИАНТ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Темирболатова Айгуль Темирболатовна

[temirbolatova2021@mai.ru](mailto:temirbolatova2021@mai.ru)

«7M01703- Шет тілдері және мәдениетаралық коммуникация» білім бағдарламасының 2  
курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау, Қазақстан Республикасы

ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Хайржанова А.Х

Қазіргі қоғам жағдайында жоғары білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануға, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге және болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған. Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын интернационалдандыру стратегиясын жүзеге асыру, білім алушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау, олардың жеке білім беру траекториясын дамыту, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, жынысына, оқу тіліне байланысты білім алушыларға қажетті ресурстар мен қолдау көрсету, университеттерде қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру және білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету басым міндеттердің бірі ретінде айқындалған [1].

Осыған сәйкес болашақ маман тұлғасының кәсіби қалыптасуы, дамуы және өзін-өзі жүзеге асыруы олардың жоғары оқу орны жағдайына сәтті бейімделуі барысында мүмкін болады. Әсіресе шетелдік студенттер мен репатрианттардың жаңа университеттік ортаға бейімделу мәселесі ерекше өзектілікке ие.

Бейімделу мәселелері философия, тарих, мәдениеттану, әлеуметтану, этнография, әлеуметтік психология, педагогика және этнопедагогика сияқты әртүрлі ғылым салалары тұрғысынан қарастырылады. Қазіргі уақытта бұл феноменді заманауи жағдайларда және жоғары кәсіби білім беру жүйесіне қойылатын талаптарды ескере отырып зерттеуге ғылыми алғышарттар қалыптасқан.

Репатрианттардың психологиялық-педагогикалық бейімделу мәселесінің теориялық және практикалық аспектілерін зерттеуге Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ғалымдары елеулі үлес қосты.

Көші-қон процестерінің экономикалық аспектілерін зерттеу отандық ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапқан. Бұл бағыттағы зерттеулер белгілі ғалымдар Н.С. Есипов, У.М. Искаков, Р.Б. Жалимбетова, С.М. Сундетов, А.И. Рогачев, А.К. Дауренбеков, Б.С. Досманбетов, Г.М. Мурсалимова және басқа зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстандық зерттеулердің ішінде халықтың көші-қоны мәселелерін қарастырған бірқатар жас зерттеушілердің еңбектері ерекше назар аударады. Бұл жұмыстарда көші-қон үдерістерінің жүйелі және құрылымдық сипаттамасы беріліп, зерттеу әдістемесі, механизмдері, заңдылықтары және көші-қон тақырыбының түрлі аспектілері қарастырылған. Атап айтқанда, А.И. Молдабекова, Г.О. Жангуттина, К.М. Жұмақсанова, К. Бадаухан және басқа да авторлардың зерттеулерін ерекше атап өтуге болады.

Г.М. Мендікулова, З.К. Шаукенова және Ж.А. Нұршаихованың зерттеулерінде этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуы мен репатрианттардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде репатриант студенттердің тілдік және әлеуметтік-мәдени бейімделуі, жоғары оқу орнында оқу барысында ағылшын тілін меңгеруі,

сондай-ақ репатриант балаларын билингвалды оқытудың дидактикалық негіздері зерттелген. Сонымен қатар репатриант қазақтардың тілдік бейімделу үдерісі, олардың этнотілдік сәйкестенуі және Қазақстан жоғары оқу орындарында білім алып жатқан қандас студенттерге орыс тілін оқыту мәселелері де ғылыми тұрғыдан қарастырылған.

Зерттеулерде репатриант студенттерді оқытудың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, олардың әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуі мен қоғамға интеграциялануы, сондай-ақ білім алушылар тұлғасының бейімделуі мен аккультурациясының әлеуметтік-психологиялық аспектілері талданған. Сонымен бірге қандастардың оқу процесіне табысты бейімделуінің педагогикалық шарттары мен оралман (қандас) студенттерге педагогикалық қолдау көрсету мәселелері де ғылыми еңбектерде кеңінен қарастырылған.

Бірқатар ғылыми зерттеулерде Қазақстанның полимәдени қоғамында қандастардың этнолингвистикалық сәйкестенуі мен бейімделу мәселелері қарастырылады. Бұл еңбектерде репатрианттардың бейімделу процесінің әртүрлі аспектілері және оның табыстылығы жан-жақты талданады. С.А. Нұрғалиеваның зерттеуінде қандастардың бейімделуінің теориялық негіздері қарастырылып, оралман студенттердің табысты бейімделу моделінің құрылымы мен негізгі компоненттері айқындалған [2].

Ал О.Б. Алтынбекованың зерттеуінде Қазақстандағы тілдік жағдай талданып, қандастардың репатриациясының осы үдеріске ықпалы қарастырылады. Сонымен қатар репатрианттардың әлеуметтік-мәдени бейімделуімен байланысты мәселелер, жаңа әлеуметтік және мәдени ортаға табысты бейімделудің өзекті аспектілері, сондай-ақ кәсіби білім беру жүйесінде қандас студенттерді орыс тілінде оқыту мәселелері Ш.К. Жарқынбекова, М.Б. Нұртазина және А.А. Тынышбаева еңбектерінде қарастырылған [3].

Жеке тұлғаның әлеуметтену процесіндегі маңызды аспектілердің бірі – тілдік бейімделу болып табылады. Ол мәдениетаралық коммуникацияның табысты жүзеге асуына елеулі ықпал етеді. Мысалы, Ж.А. Есқазина, Н.А. Үстелімова, Ш.К. Жарқынбекова және басқа зерттеушілердің еңбектерінде репатриант студенттердің ағылшын тілін тиімді меңгеруіне ықпал ететін инновациялық әдістер мен оқыту тәсілдерін әзірлеу және қолдану мәселелері қарастырылған [4].

Қазіргі уақытта адамның қоршаған ортаға бейімделу мәселесін зерттеу әлеуметтік өзара әрекеттестіктің күшеюіне және адам мен қоршаған орта арасындағы қатынастардың динамикасына әсер ететін көптеген факторлардың болуына байланысты ерекше маңызға ие. Бұл факторлар өзгермелі жағдайларға бейімделу механизмдерін жетілдіру қажеттілігін туындатады. Осыған сәйкес бейімделу процесінің тиімділігі адамның қызметінің табыстылығын анықтауда, сондай-ақ оның физикалық және психикалық әл-ауқатын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Бейімделу және мәдениеттер арасындағы өзара әрекеттесу мәселелері мәдени антропология саласындағы зерттеушілердің еңбектерінде де ғылыми негізделген.

Қазіргі ғылымда бейімделу мәселелері әртүрлі ғылыми бағыттар тұрғысынан зерттеледі. Бейімделу проблемасы биологиялық, физиологиялық және медициналық тұрғыдан да қарастырылған.

Соңғы жылдары отандық ғылымда мәдениетаралық бейімделу мәселесіне деген қызығушылық едәуір артты. Бұл, бір жағынан, ұзақ уақыт бойы еліміздің жабық мемлекет болғанымен және шетелге шығатын адамдар санының шектеулі болуымен байланысты. Қазіргі уақытта мәдениетаралық байланыстардың артуы, білім алу, уақытша немесе тұрақты тұру мақсатында шетелге шығатын адамдар санының көбеюі осы мәселенің өзектілігін күшейтті. Соның нәтижесінде соңғы 10–12 жыл ішінде осы тақырыпқа арналған ғылыми зерттеулер саны айтарлықтай артты. Мәдениетаралық бейімделу мәселесін зерттеген ғалымдардың қатарында Т.Г. Стефаненко, Н.М. Лебедева, Г.У. Солдатова және басқа да зерттеушілерді атап өтуге болады [5-6].

Шетелдік және отандық психологиялық әдебиеттерде тұлғаның мәдениетаралық бейімделуінің күрделілігі мен маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі. Қазіргі уақытта мәдениетаралық дезадаптация жағдайында мигранттарға көрсетілетін психологиялық көмек

мәселелері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Әсіресе шетелге білім алу мақсатында баратын студенттерге психологиялық көмек көрсету мәселесі аз қарастырылған, себебі олар көбінесе басқа мәдени ортада уақытша болатын тұлғалар ретінде қабылданады.

Зерттеулер көрсеткендей, қазіргі уақытта мәдениетаралық дезадаптация мәселесі терең зерттеуді және тұлғаның басқа мәдени ортаға бейімделуіне психологиялық көмек көрсету әдістерін әзірлеуді қажет етеді. Себебі мигранттардың психикалық бейімделу ерекшеліктеріне арналған зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Әдебиеттерге жасалған талдау көптеген шетелдік зерттеушілердің әлеуметтік-психологиялық бейімделудің тиімділігін арттыруға бағытталған психокоррекциялық әдістерді ұсынғанын көрсетеді. Алайда бұл әдістерді әзірлеу барысында көбінесе тек этномәдени айырмашылықтар ескеріліп, мигранттардың жеке-психологиялық, мотивациялық және жас-жыныстық ерекшеліктері жеткілікті деңгейде назарға алынбаған.

Мәдениетаралық бейімделу мәселесі әлеуметтік бейімделу проблемасының жеке бір көрінісі ретінде пәнаралық сипатқа ие. Сондықтан бұл мәселені зерттеумен адамның түрлі қырларын қарастыратын әртүрлі ғылым салаларының мамандары айналысады. Олардың қатарында мәдени антропологтар, этнографтар, әлеуметтанушылар, психологтар, коммуникация саласының мамандары, лингвистер, шетел тілдері оқытушылары және білім беру саласының қызметкерлері бар.

Сонымен бірге зерттеушілер көбінесе алынған нәтижелерді өздерінің тар кәсіби қызығушылықтары тұрғысынан талдайды. Бұл құбылыс белгілі бір дәрежеде заңды, себебі мәдениетаралық бейімделуді зерттейтін ғылым салалары салыстырмалы түрде жақында ғана қалыптаса бастады, ал көші-қон құбылысының өзі ұзақ тарихи дәстүрге ие. Алайда бұл жағдай зерттеу нәтижелерін салыстыруды қиындатады, себебі қолданылатын әдіснамалық тәсілдер әртүрлі. Мәдениетаралық бейімделу мәселесімен айналысатын жекелеген ғылыми бағыттар көбінесе бір-бірінен оқшау дамып, басқа зерттеушілердің нәтижелерін жеткілікті деңгейде пайдаланбайды. Сонымен қатар фактілік ақпаратты өңдеуге және жекелеген пилоттық зерттеулерді сипаттауға шамадан тыс көңіл бөлінуі кейде теориялық қорытындылар жасауға жеткілікті деңгейде мүмкіндік бермейді.

Қазіргі шетелдік және отандық психологиялық әдебиеттерде тұлғаның мәдениетаралық бейімделу ерекшеліктерін талдауға арналған көптеген ғылыми еңбектер бар. Бұл зерттеулерде мәдениетаралық бейімделу процесінің күрделілігі мен маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі. Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде мигранттардың мәдениетаралық дезадаптациясы жағдайында көрсетілетін психологиялық көмек мәселелері жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Әсіресе шетелге білім алу мақсатында баратын студенттерге психологиялық көмек көрсету мәселесі аз зерттелген, себебі олар көбінесе басқа мәдени ортада уақытша болатын тұлғалар ретінде қарастырылады.

Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде шетелдік студенттердің мәдениетаралық дезадаптация мәселесі атап өтіліп, оларға дер кезінде психологиялық көмек пен қолдау көрсету қажеттілігі көрсетіледі. Сонымен қатар мигранттардың психологиялық саулығын қамтамасыз ету мәселелері бүгінгі күнге дейін күрделі, көпқырлы және жеткілікті деңгейде зерттелмеген ғылыми мәселелердің бірі болып қалып отыр.

Соңғы уақытта білім беру ортасында мигрант балалардың бейімделуіне арналған көптеген ғылыми еңбектер жарық көргеніне қарамастан, әлеуметтану ғылымдары аясында мигранттардың мәселелері мен қажеттіліктерін, сондай-ақ олардың әлеуметтік-мәдени бейімделу агенттерін зерттеу жеткілікті деңгейде жүргізілмей келеді.

Ғылыми әдебиеттерде ұсынылған әртүрлі тәсілдер, біздің пікірімізше, бейімделу мәселесінің күрделі әрі жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін көрсетеді. Сондықтан бұл мәселені шешу терең, жан-жақты зерттеуді және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан кешенді түсіндіруді талап етеді.

Отандық ғалымдар жоғары оқу орны жағдайында шетелдік студенттердің бейімделуіне байланысты бірқатар зерттеулер жүргізген. Бұл еңбектерде бейімделудің табыстылығына әсер ететін факторлар, шарттар, принциптер мен критерийлер зерттеліп, студенттердің бейімделу

ерекшеліктерін түсінуге және олардың бейімделуін жеңілдететін тәсілдер мен стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

Мысалы, К.А. Есенова мен К.Б. Сматова жоғары оқу орнында шетелдік студенттердің бейімделу мәселелерін қарастыра отырып, олардың бейімделу деңгейіне әсер ететін психологиялық факторларды зерттеген. Сонымен қатар зерттеулерде шетелдік студенттердің эмоционалдық жағдайы, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары, жаңа білім беру және мәдени ортаға бейімделу ерекшеліктері талданады. Авторлар жоғары оқу орнының білім беру ортасында шетелдік студенттердің бейімделуі үшін психологиялық-педагогикалық жағдайларды қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді [7-9]. Студент-мигранттердің жоғары білім беру жағдайына бейімделу мәселесі жалпы теориялық маңызды проблемалардың бірі болып табылады, өйткені жастардың студенттік өмірге бейімделуі күрделі әрі көпқырлы процесс саналады.

Ғалымдардың ерекше назарын репатриант студенттердің жоғары оқу орны талаптарына бейімделу кезеңіндегі мәселелері аударады. Әсіресе оқу процесінің алғашқы және екінші курстарында бұл мәселе өзекті болып келеді. Бұл бағыттағы зерттеулер Г.А. Қасен, А.Р. Мандықаева және басқа да ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Ұлттық мемлекеттік саясат мектебінің профессоры Б.Н. Бокаев өз мақаласын посткеңестік Қазақстандағы мигрант этникалық топтарының тілі, этникалық сәйкестігі және бейімделу мәселелеріне арнаған. Оның зерттеуінің негізгі мәселесі – этникалық қазақ репатрианттарының тарихи Отанына оралғаннан кейінгі өмір шындығымен олардың күткен үміттерін салыстыру болып табылады. Автор этникалық сәйкестік, репатрианттардың тілдік бейімделуі, олардың тап болатын әлеуметтік және экономикалық қиындықтары, мәдени шок және оларға қатысты қалыптасқан стереотиптер сияқты мәселелерді қарастырады. Сонымен қатар «инсайдер/аутсайдер» мәселесіне ерекше назар аударып, қазіргі қазақстандық қоғамда бұл шекаралардың қалай қалыптасып отырғанын талдайды [10].

Ж.А. Есқазина, А.К. Балтабаева және басқа да зерттеушілердің еңбектері көптілді білім беру жағдайында репатриант (қандас) студенттерге ағылшын тілін оқыту мәселелерін зерттеуге, олардың бейімделуіне қажетті педагогикалық шарттарды қалыптастыруға және жоғары оқу орнының білім беру процесінде ағылшын тілін оқытудың инновациялық әдістерін әзірлеуге бағытталған. Сондай-ақ Ж.А. Есқазинаның білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында қандас балаларды билингвалды оқытудың педагогикалық шарттарын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеуге арналған диссертациялық зерттеуі ерекше қызығушылық тудырады. Бұл жұмыстың басты артықшылығы – қандас балаларды оқытуға арналған педагогикалық шарттардың кешенін жан-жақты зерттеп, негіздеуінде [11].

А.Р. Мандықаева және басқа да ғалымдар қандас студенттердің әлеуметтік бейімделуіне арналған бірқатар эмпирикалық зерттеулер жүргізген. Зерттеушілердің пікірінше, қандас студенттердің әлеуметтік интеллектінің, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерінің, эмпатиялық қабілеттерінің даму деңгейі мен өзін-өзі бағалауының қалыптасуы олардың әлеуметтік ортада тиімді әрекеттесуіне, тұлғааралық қатынастарды оңтайландыруға, жеке тұлғалық және кәсіби дамуына ықпал етеді. Бұл факторлар жалпы алғанда қандас студенттердің жоғары оқу орнында табысты бейімделуіне мүмкіндік береді [12].

Студент-мигранттердің жоғары оқу орындарына табысты интеграциялануына ықпал ететін механизмдер мен әлеуметтік-педагогикалық шарттарды зерттеудің маңыздылығы полимәдени және тұлғаға бағытталған білім беру саласындағы халықаралық зерттеулерді талдаумен негізделеді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының бейімделген білім беру ортасында студент-мигранттарға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету мен қорғаудың тиімді тәжірибелерін зерттеу және сипаттау қажеттілігі туындайды.

Осы міндеттерді шешу мақсатында О.А. Береговая және басқа да зерттеушілер жоғары оқу орнының бейімделген білім беру ортасында білім алатын студенттердің табысты бейімделуіне кедергі келтіретін әлеуметтік-мәдени бейімделу тосқауылдарын анықтауға бағытталған кешенді зерттеу жүргізген [13].

Зерттеулерге сәйкес, тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға және оқу процесіне бейімделуі көбінесе стресс, алаңдаушылық және басқа да психологиялық күйзелістермен қатар жүреді. Осы тұрғыда біздің зерттеуімізде қазақстандық ғалымдардың еңбектері ерекше назар аударады. Олар бейімделу процесіне жағымсыз стресс жағдайларының әсер ету деңгейін және сипатын зерттеген. Мұндай зерттеулер А.Р. Мандықаева, И.Е. Аманова, Г.Б. Ниетбаева және басқа ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы, Г.Б. Ниетбаева және басқа зерттеушілер бірінші және екінші курс студенттерінің тұлғалық алаңдаушылық деңгейін зерттей отырып, жаңа ұжымға әлеуметтену процесінде кездесетін қиындықтарды және әлеуметтік өзара әрекеттесуді дамытуға бағытталған алдын алу шараларының маңыздылығын атап көрсетеді [14].

Педагогика және әлеуметтік ғылымдар саласындағы белсенді ғылыми зерттеулердің ерекше бағытының бірі – Ресей мен Қазақстан жоғары оқу орындарында Қытай Халық Республикасының азаматтарын оқыту мәселесі болып табылады. Қытайлық студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуін Вэй Син, Т.С. Петровская және басқа зерттеушілер қарастырған. Ли Сюеюаньның диссертациялық жұмысы жоғары оқу орнында қытай студенттерінің оқу процесіне бейімделуін қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу мәселесіне арналған. Бұл зерттеу орыс тілі факультетінде білім алатын қытай студенттерінің оқу процесіне табысты бейімделуіне ықпал етеді [15].

Ал Ан-Вилсон Л.Ф. диссертациясында мәдениетаралық бейімделудің құрылымы мен мәні қарастырылып, мәдениетаралық бейімделу процесіндегі психологиялық ерекшеліктер, ішкі және сыртқы факторлар анықталған. Сонымен қатар мәдениетаралық бейімделудің тиімділігін қамтамасыз ететін шарттар теориялық және эксперименттік тұрғыдан негізделіп, әлеуметтік-мәдени орта өзгерген жағдайда студенттерге психологиялық көмек көрсету бағдарламасы әзірленген [16].

Зерттеу ізденістерін жүйелеу олардың екі негізгі аспектіні қамтитынын көрсетеді: теориялық және қолданбалы. Теориялық зерттеулер университеттің тұтас білім беру және дамыту кеңістігінде тұлғаның құндылықтық бағдарлары тұрғысынан және жаңа өмірлік жағдайларға бейімделу тұрғысынан репатриант студенттердің жоғары оқу орнының білім беру жағдайларына бейімделу мәселесін қарастыруға бағытталған. Ал қолданбалы зерттеулер репатриант студенттердің жоғары оқу орнында білім алуына тез әрі тиімді бейімделуіне ықпал ететін педагогикалық шараларды әзірлеуге бағытталған.

Ғылыми зерттеулер мен әдеби дереккөздерді талдау нәтижелері репатриант студенттердің жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық процесіне бейімделу мәселесінің жеткілікті деңгейде зерттелмегенін көрсетеді. Жоғары оқу орны жағдайындағы бейімделуге арналған жарияланымдардың басым бөлігі әлеуметтік немесе кәсіби бейімделу аспектілеріне қатысты.

Сонымен қатар репатриант студенттердің жоғары оқу орнының оқу жағдайына бейімделу процесін кешенді түрде қарастыру, бейімделу процесін ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу, оның мазмұнын, формаларын, әдістерін, құралдарын және психологиялық-педагогикалық бейімделу процесінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін технологияларды анықтау мәселелері әлі де шешімін талап етеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Концепция развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023–2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года, №248. (с изменениями и дополнениями на 01.05.2025г.).
2. Нургалиева С.А. Педагогические условия подготовки оралманов к успешной адаптации для обучения в Казахстане: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Алматы, 2008. - 127 с.
3. Алтынбекова О.Б. Влияние репатриации оралманов на языковую ситуацию в Казахстане // Матер. междунар. науч. конф. «Языковая политика и социально-

правовые аспекты адаптации мигрантов: проблемы, реализация, перспектива». - Тюмень, 2010. - С. 10 - 14.

4. Eskazina Z.A., Zhetpisbayeva B.A., Serikpaeva R.K. Use of professional concepts in studying English for repatriate students in Kazakhstan // Вестник ПГУ. Серия Педагогическая. - 2019. - №4. - С. 167-173.
5. Стефаненко Т.Г. Методы подготовки к межкультурному взаимодействию. Методы этнопсихологического исследования. - М., 1993. – 55 с.
6. Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А. Психологическая адаптация вынужденных мигрантов // Психологический журнал. - 2002. - Т. 23, №4. - С. 66-81.
7. Sam D.L., Berry J.W. Acculturation: When individuals and groups of different cultural backgrounds meet // Perspectives on psychological science. - 2010. - Vol. 5, №4. – P. 472-481.
8. Есенова К.А., Санбаева Б.Ж. Шетелдік студенттердің Қазақстандық жоғары оқу орнына бейімделуі // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. – 2023. - №2(143). - Б. 422-433.
9. Bokayev B. Language, ethnic identity, and adaptation of ethnic migrants in post-soviet Kazakhstan // 1-st Annual International Interdisciplinary Conference, АПС. – Azores: Portugal–Proceedings, 2013. - P. 790-799
10. Мандыкаева А.Р., Дюсенова А.Ж., Оздугру А., Уталиева Ж.Т., Даужанова А.М. Білім алушы-қандастардың эмпатиялық қабілеттерінің психологиялық ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. - 2022. - №141(4). - Б. 464–475.
11. Beregovaya O.A., Lopatina S.S., Oturgasheva N.V. Barriers of social and cultural adaptation of foreign students in Russian universities // Perspektivy Nauki i Obrazovania. - 2019. – Vol. 38, №2. - P. 108–118.
12. Ниетбаева Г.Б., Багиярова Ф.А., Жапаров Э.Ж., Абишева Ж.А. Профилактика и коррекция тревожности, вызванной социальными факторами у студентов // Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Серия Педагогика. Психология. Социология. – 2023. - №1. – С. 379-390.
13. Аманова И.К., Белецкая К.А. Теоретический анализ исследований проблемы самооценки в психологической науке // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Психология. - 2019. - №4(61). - С. 56-61.
14. Мандыкаева А.Р., Жансерикова Д.А., Молдабаева Р.А., Смагулова К.Д. Студенттердің стресске төзімділік деңгейлерін зерттеу (гуманитарлы және техникалық мамандықтар мысалында) // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Психология» сериясы. - 2020. - №2(63). - Б. 52-57.
15. Ли Сюеюань. Адаптация китайских студентов младших курсов к обучению в вузе: аксиологический подход: на материале специальности «Русский язык как иностранный»: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. - Комсомольск - на - Амуре, 2009. - 244 с.
16. Анн-Вилсон Л.Ф. Социально-психологические особенности межкультурной адаптации российских студентов в Германии: автореф. ... канд. психол. наук: 19.00.05. – Казань, 2003. – 19 с.